

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Қысқы ағаш.

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.06.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/76819/>

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тәрбиеші: Шокалакова А.М

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Апликация

Тақырыбы: Қысқы ағаш.

Мақсаты: 1. Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.

2. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Қағаз бетінде бейнелерді жапсырмалауды, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын қалыптастыру, ұсақ саусақ моторикасын дамыту.

3. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Әңгімелеу, өлен оқу, слайд көрсету, ойын, сергіту сәті, зерттеу жасау, сұрақ-жауап, қорытынды.

Көрнекілігі: Қыс мезгілінің ерекшеліктерінің суреттері, қатқан мұз, қар, слайд

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себеpti қызығушылығын ояту кезеңдері	Балалар, күн суық болса да, біздің жүрегіміз жылы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, келген қонақтарымызбен амандасайық.	Мейірімділік жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен, Амандасып алайық. Келген біздің қонақтарға, Жүрек жылуын сыйлайық. Күн жылуын шашайық, Бір жадырап қалайық.

<p>Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі</p>	<p>Өлең оқу: Шанамен зырғып желетін, Коньки шаңғы тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсыңдар балалар? -Балалар қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? -Балалар тәжірибе жасау үшін мұз әкелдім біз бұл мұзды оқу қызметінің соңында мұз неге айналатынын бақылайтын боламыз.</p> <p>-Ендеше, балалар бейне көрніске назар аударайық. Слайд: «Қыс көрністері» -Бұл көрністе қай мезгілді көріп отырсыздар? -Қыс мезгілінде не жауады? -Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз? -Ендеше қыс мезгілі туралы ойын ойнаймыз ба? Д/ойын: «Дыбысқа сәйкес бейнені тап?» Ойын шарты: Дыбысты тыңдай отырып сәйкес бейнені көрсету. -Балалар, біздер серуенге шыққанда ағаштардан нені байқадық? Алдымыздағы қарды ұстап көрейікші, түсі қандай? -Жұмсақпа, қатты ма? -Жылы ма, мұздай ма? -Ендеше балалар, біз бүгін бөбекжай ауласындағы қысқы ағаштардағы қарды қалдық табиғи материал мақтамен жасап үйренеміз. -Қалай жасаймыз, мұқият маған қараңыздар. Апликация жұмысы: ағаштың бейнесіне мақта арқылы қар жапсырмалауды үйрету.</p> <p>Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз, -Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт, -Шапалақтап соғамыз. -Тоңса біздің аяғымыз, -Етік киіп аламыз. -Топ – топ – топ, -Билеп – билеп аламыз -Тоңса біздің денеміз, -Тонды киіп аламыз. -Зу – зу – зу -Шанамызбен зулаймыз</p> <p>Дидактикалық ойын «Қыс мезгілінің ерекшелігін тап»</p> <p>Ойын шарты: Қыс мезгілінің суреті ілінеді. Үстел үстіне төрт жыл мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген суреттер ішінен қыс мезгілі бейнеленген суреттерді тауып жапсыру.</p> <p>Мұзды бақылау: -Балалар мұз неге айналды? -Міне, балалар қыс мезгілінде сулар, өзен, көлдер мұзға айналады екен. -Қыс мезгілінің ғажайып ерекшеліктері осындай болады.</p>	<p>-Қыс мезгілі</p> <p>-Қар жауады, боран соғады, аяз болады, жерде мұздар болады.</p> <p>Балалар тамашалайды.</p> <p>-Қыс мезгілін. -Қар жауады. -Шанамен, шаңғы, коньки тебеміз, аққала жасаймыз, қар лақтырып ойнаймыз.</p> <p>Балалар тапсырманы орындайды</p> <p>-Қарлар -Ақ түсті</p> <p>-Жұмсақ -Мұздай</p> <p>Балалар жұмыс барысын қарайды.</p> <p>Өлең сөзіне қарай қимыл жасайды.</p> <p>Сәйкес суретті таба білді.</p> <p>-Суға айналды.</p>
<p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>Қорытындылау: -Қай мезгіл туралы әңгімелестік? -Балалар біз бүгін оқу қызметінде қарды немен жасап үйрендік? -Қандай зерттеу жұмысын жасадық? Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысып, тапсырманы орындадыңыздар. Сіздерді мұз тәттілермен марапаттаймын.</p>	<p>-Қыс мезгілі туралы.</p> <p>-Мақтамен. -Мұзға зерттеу жасадық.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеп беруді.

Нені меңгерді: Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы, мұздың қасиеті туралы меңгерді..

Нені жасай алды: Қалдық материалды пайдаланып берілген бейнені жапсырмалап үйренді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.